

"Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадет корпусын құру туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 31 шілде N 954

"Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадет корпусын құру туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 шілдедегі N 3049 U963049_
Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Оқу процесінің 1996 жылғы 1 қыркүйекте басталуын ескеріп Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадет корпусы /бұдан әрі - Кадет корпусы/ оқушыларының бірінші легі "Ботагөз" санаторийында орналастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің Қазақстан Республикасы Су ресурстары жөніндегі комитетінің балансындағы есепте тұрған "Ботагөз" санаторийының негізгі қорларын белгіленген тәртіппен Кадет корпусын орналастыру үшін, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің балансына беру туралы шешімі бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:
1996 жылғы 1 қыркүйектен Кадет корпусында оқу процесінің басталуын қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларын жүзеге асырсын;

Кадет корпусының толық көлемді объектілерінің құрылысын салуға кіріссін, Кадет корпусының оқытушылары мен қызмет көрсетушілеріне арналған тұрғын үйді қоса, 180 оқушыға арналған объектілердің бірінші кезегін 1997 жылы 1 қыркүйекте пайдалануға берілуін қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадет корпусы туралы ережені, сондай-ақ санының кезеңмен өсуін ескере отырып Кадет корпусының ұйымдық-штаттық құрылымын әзірлеп, бекітсін;

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:
1996 жылға арналған республикалық бюджетте қорғаныс үшін көзделген қаражат есебі мен шегінде Кадет корпусын құруға және оның кешенді объектілерінің құрылысын салуға байланысты шығындарды қамтамасыз етсін;

1997 жылға арналған республикалық бюджетті әзірлегенде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің негізделген тапсырысы бойынша кешенді объектілер құрылысын салу шығынының қаржыландыру көзін анықтасын.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Мемлекеттік қорғаныс тапсырысын құрау кезінде Кадет корпусының материалдық-техникалық жарақтануын ескерсін.

6. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Кадет корпусын жалпы білім пәндерінің оқытушылары қатарынан білікті кадрлармен жинақтауды, қажетті оқу-әдістемелік құралдармен және әдебиеттермен қамтамасыз етуге көмек көрсетсін.

7. Көкшетау облысының әкімі Щучинск қаласының құрылыс салынбаған сырт жағынан аумақ бөлу мәселесін шешуді және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі ұсынған бас жоспарының сызбасына сәйкес сәулеттік-жоспарлы тапсырмасын беруді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі